



2000 жылы қыркүйек айының 29 жұлдызы, жұма күні Қеңсай бейтінде Нагашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтың қабіріне құлпытас қойылу рәсімі болып етті.

Қабір басына Н.А. Шәйкеновтың жанұясы, туған-туыстары, дос-жарандары, әріптестері, соңғы үш жыл бойы ректорлық қызметін атқарған Зәң академиясының басшылары мен шәкірттері жиналды.

Құлпытастың ашылу рәсімін академия ректоры М.С.Нәрікбаев кіріспе сөзben бастады. Н.А. Шәйкенов аруағына бағыштап қасиетті құран сүрелері оқылған соң ҚР Жоғары соттың тәрағасы Қ.Ә.Мами, ҚР Әділет министрі И.И.Рогов мырзалар ортамыздан мезгілсіз ажал алып кеткен Н.А.Шәйкеновтың жарқын бейнесі мен өмір жолы жайлы әріптестік түрғыдан ой толғады.

Академия профессоры Г.Б.Ханның құлпытасқа байланысты философиялық толғаулары, студенттер қауымы атынан сөйлеген F.Оспанқұлов пен А.Әбішевалардың ұстазға деген сезімдері адам жанын тебірентерлік мұңға толы болды.

Құлпытастың авторы, мүсінші Мұрат Біләловтің өңделмеген қызылғылт граниттен жасаған композициясы марқұмның ерте қыылған өмірі және орындалмай қалған арман-мақсаттары, қақ айырылған тастың ортасынан түсіп тұрган күн сәулеі мен тастың, оң жақтауындағы бүршік атқан нәзік жапырақ бейнесі марқұмның соңында қалған үрпағы мен шәкірттеріне артқан үзілмес үміті іспетті.

Нагашыбай Аманғалиұлының жесірі Лидия Алексеевна жарын еске алып, үлкен толқумен, жиналған көпшілік қауымға отбасының атынан алғысын білдірді. Бүкіл қала алақанға салғандай бол көрініп тұрган Қеңсай төбесінде Нагашыбай Аманғалиұлының басына қойылған құлпытас, марқұм көзінің тірісінде жақсы көретін райхан гүлдеріне оранып, мәңгілікке қала берді.

Тәрбие бөлімінің бастығы Амангелді Мұқан